



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қорытындылап айтар болсақ, «Оралман студент жастардың әлеуметтік-бейімделуіндегі мәселелер» атты зерттеу жұмысының нәтижесі студенттердің басым бөлігі тарихи отанына оралған қандастарымызға оң қабақ танытатына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар халықтың белгілі бір бөлігінің қоғамдық санасында оралмандарға деген жағымсыз ойлар басым болған. Мұндай ойлардың пайда болуы, көбінесе әлеуметтік-экономикалық саладағы мүдделердің соқтығысуынан орын алған деп айтсақ қателеспеген болар едік. Алынған нәтижелер көрсеткендей тұрғындар оралмандарға байланысты болған біршама мазасыздық таныта бастаған, оның себебі еңбек және тұрғын үй нарығындағы бәсекелестіктің күшейуіне. Қай елден келген оралман болмасын, олар осы уақытқа дейін туып-өскен жеріне, тіліне, салт - дәстүріне, халқына, климатына икемделіп, бейімделген халық. Қаншалықты өз елім, жерім деп келгені мен жаңа ортада көптеген қиыншылықтар кездеседі. Сол қиыншылықтардың бірі қаншалықты атамекенін аңсап келгені мен жаңа орта, қоғам, адамдар көзқарасы, өзге заңдылықтарға, яғни жаңа климаттық жағдайға, әлеуметтік ортаға икемделуіне, бейімделуіне әкеледі. Сондай - ақ кейбір қандастарымыздың қазақ грамматикасы мен орыс тілін білмеуі, сонымен байланысты олардың әлеуметтік бейімделу мен жергілікті халықтар интеграциясын қиындататын бірқатар мәселелер кездеседі.

Қазіргі кезде оралмандарды жергілікті жағдайға бейімдеу тұрғысындағы жұмыстар қажетті деңгейде атқарылмай отыр деп айтуға болады, оны сұралғандар да атап өткен, және респонденттер бұл саладағы үкіметтік іс-шаралар нормативті сипатқа ие, ал міндеттерді орындау формалды түрде жүргізіледі деген пікір білдірген. Оралман студент жастардың әлеуметтік бейімделу мәселелері қоғамның ертеңгі күніде мән беретін өзекті мәселесі қатарында.

Қолданылған әдебиет

1. Елбасы Н.Назарбаев Түркістанда 2002 жылғы 23 қарашада өткен Дүниежүзі қазақтарының II форумында сөйлеген сөзі. <http://qazaq-alemi.kz>
2. Яковленко Л.Н. Адаптация первокурсников // Аспирант и соискатель. – 2003. – С. 116-120
3. Яковленко Л.Н. Адаптация первокурсников // Аспирант и соискатель. – 2003. – С. 116-120
4. Касымов А.Д. Социальная интеграция репатриантов как философская проблема: автореферат канд. социол. наук. – Алматы: Институт философии и политологии Комитета МОН РК, 2009,
5. Оралманы – этнические казахи в поисках идентичности. Аспекты интеграции в современное казахстанское общество. Алматы / Тараз. – Алматы, 2009. – 53 с.
6. Мендікүлова Г.М. Қазақстандағы оралмандардың бейімделуінің кейбір мәселелері // Отан тарихы. №, 2, 2004.

УДК 316.334.52.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тәрбет Азамат

Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Әлеуметтану» мамандығы 2 курс студент, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Смағамбет Б.Ж.

Қазіргі уақытта Орталық Азияда Қазақстан әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени жағынан озық мемлекет ретінде танылып отыр. Ұлттық өзіндік сананың қалыптасуы, Қазақстандағы мәдени және саяси идентификация әлемдік урбанизацияға белсенді әсер

етуде.

Қала халқының өсуі ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қарқынды жүрді. Соның нәтижесінде ХХ ғасырдың ортасына қарай жер бетіндегі халықтың жартысынан астамы қалаларда тұрып жатты. Қазіргі уақытта экономикалық жағынан дамыған елдерде қала халқы 70% құрағанымен, ол елдерде контрурбанизация процесі жүріп жатыр. Керісінше, дамушы елдерде урбанизация процесі қарқынды түрде жүруде. Жыл сайын әлемде 20-30 мың адам қалаға шоғырланады.

Мегаполистер қоғамдық қалыптасуда басты көңіл аудартады. Өркендеудің басты көріністері қалалардағы ресурстарды дамытты. Кейінгі он жылдықта урбандалу мүмкіндігін пайдалану арқылы, адам болашағы жасалады. Бұл қоғамның белсенді қызмет атқаруын талап ететін процесс. Себебі қалалар шешілмеген мәселесі көп күрделі процесс. Әлемдік қалалардың бүгінгі жетістігі жылдар бойы жиналған адам еңбегінің жемісі: Афина, Рим, Венеция, Флоренция, Лондон, Париж, Берлин, Нью-Йорк, Сан-Франсиско, Бостон. Бұл қалалардың дамуына жаңа идеяның әсері зор. Әр қаланың өзіне тән сипаты бар: Париждегі көшелер, Нью-Йорктағы аспан тектес құрылыстар, Римдегі шіркеу т.б. сияқты. Дүниежүзілік тарихта қала тұрғындарының саны күрт өсті. 2014 жылы әлем бойынша тұрғындардың жарты пайызы 3,7 млрд. адам қалада тұрады, 2030 жылға қарай қалада тұратын адамдардың саны 5 млрд. дейін жетеді деген болжам бар. Қала мәдениетін зерттеушілер қаланы демографиялық жағынан тығыз орналасқан, экономикалық дамуға әсер етуші орын ретінде таныстырады. Қазіргі заманғы қалалар әлеуметтік және саяси қатынастарды реттеуші қызметін де атқарады. Қаланың символикалық құрылымы ретінде оның мәдениеті мен өмір сүру образы жатады. [1,55].

1926 жылғы Кеңес заманындағы халық санағы қазақтардың 2% ғана қалада өмір сүргенін көрсетеді. Ал 1939 жылғы санақты қарайтын болсақ қазақтар саны 16% дейін өскенін көруге болады. Қала халқының 12 жылда 8 есе өсуінің басты себебі – Ұжымдастыру саясаты болды. Ресми статистикаға сүйенсек, 1959 жылы қала халқы 43,7% болса, 1970 жылы -50,3%, 1979 жылы – 53,5%, 1989 жылы – 57,1%, 2009 жылы 56% құрады. 1980 жылдардың басында Қарағанды, Манғышлақ және Жезқазған облыстарында қала халқы 83-89% құрап, басқа қалалармен салыстырғанда өте үлкен көрсеткішті көрсетті. [2,38].

Урбанизация – әлемдік процесс. Біздің елде осыған дейін тек Астана қаласында ғана урбанизация мәселесі мемлекеттің назарында болып келді. Оны қаланың инфрақұрылымының есептеліп жасалып отырғандығынан көреміз. Қала тұрғындарының саны қанша өссе де, Астанада қандайда бір қайшылықтың орын алуы екіталай. Ал енді Алматы, Шымкент сияқты қалаларға халық стихиялы түрде қоныстанып жатыр. Оларды мемлекет тарапынан бақылау жағы жетіспейді. Мемлекеттік жоспар болмағаннан кейін, ол «жалған урбанизацияға» апарып соғуда. Содан келіп, әртүрлі әлеуметтік қайшылықтар туындап отыр. Миграцияның жаңа замандағы толқыны мемлекет астанасын Ақмола облысына ауыстырылумен байланысты. Бас қала статусын алған Астана қаласына мигранттар ағылып келіп жатты. Олардың ішінде мемлекеттік қызметкерлер, қарапайым халық, саяси элита, еңбек мигранттары болды. Екі сайлау арасындағы уақытта (1989, 1999) Астана қаласының халқы 49798 адамнан 133585 адамға өсті. Келесі периодта- 1998 жылдың қаңтарынан 2001 жылдың маусымына дейінгі аралықта 38537 адам қоныстанды, олардың 30293 қазақтар болатын. Зерттеулерге ұлты жағынан анализ жасағанда, уақыт өткен сайын мигрант қазақтардың саны өскенін байқауға болады. 1999 жылы Астанаға тұрақты өмір сүруге келген халық 10590 болса, оның ішінде 8269 қазақтар; 2000 жылы көшіп келген 9647 адамның 7881 қазақтар. Зерттеулер миграция жасаған адамдардың көбісі еңбекке жарамды екенін көрсетеді. Мысалға, 1998 жылы Астанаға 9965 қазақ көшіп келген болса, оның 7749 еңбекке жарамды; 1999 жылы 8269 адам келді, оның 6303 еңбекке жарамды. Басақаша айтқанда, 1998 жылы миграция жасағандардың 77%, 1999 жылы миграция жасағандардың 76% еңбекке жарамды болып саналады. Осыны негізге алып, Астана миграциясында еңбек сипаты басымрақ екенін айтуымызға болады. [3,25].

Қазақстандағы урбанизация көбінесе индустриялық зоналарды қалыптастырумен

байланысты. Егер 1939 жылы Қазақстан Республикасында 28 қала мен 53 қала типіндегі аудан болған болса, онда 1945 жылы сәйкесінше 38 қала мен 100 қала типіндегі аудан болды. Маңызы бар мұнай, химия, металлургия өнеркәсібін дамыту нәтижесінде Шевченко, Жаңаөзен, Текелі, Кентау, Қаратау, Жаңатас қалалары пайда болды. 2012 жылғы статистикаға сәйкес Қазақстандағы қала саны 84, олардың ішіндегі республикалық және облыстық басқару деңгейіндегі қала саны – 39. Қазақстандағы қала халқының өсуіне ішкі және сыртқы миграцияның әсері зор. Кеңес заманында Қазақстан миграцияның бірнеше үлкен толқынын бастан өткізді:

1) Бірінші толқыны – репрессияға ұшыраған өзге ұлт өкілдерінің Қазақстанға жер аударылуы.

2) Екінші толқыны – Екінші дүниежүзілік соғысқа байланысты эвакуацияланған халықтың қоныстануы.

3) Үшінші толқыны – республикадағы тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты болды. [4,62].

Миграция жасаушылардың көбірек бөлігінің еңбекке жарамды жасқа жетпеуі – миграцияның отбасылық сипатын көрсетеді. Осы миграция процессіне ұшырағандардың басым бөлігі ер адамдар. Оның себебі, табиғатынан отбасын асырауға бейімделген ер адамдар қалаға жұмыс іздеп келеді. Мектеп бітірген жасөспірімдер арасында қалаға білім алу мақсатында келетіндердің басым бөлігі, керісінше, негізінен қыз балалар. Көп жағдайда қыз балалар қалада тұрақтап қалып қояды. Бұл факторлар өз кезегінде неке дисбалансын тудыруы мүмкін деген болжам жасауға болады. Осындай ішкі миграциямен қатар, Қазақстанда сыртқы миграция да жүріп жатыр. Бұл мемлекетаралық миграцияға түсетіндер көбінесе еңбек мигранттары. ҚР президенті өзінің халыққа жолдауында «Қазақстан-2050» бағдарламасына сәйкес облыстардағы еңбек нарығына әсер ететін миграция проблемасын кешенді түрде шешілуі керектігін ерекше атап өтті. Көршілес елдерден келетін миграция толқынын қатаң түрде басқару жоспарын қойды. Орталық Азия елдерінен Қазақстанға келген мигранттар саны әлі күнге дейін белгісіз. Қазақстандағы еңбек миграциясының заңсыз да жүруінің нәтижесінде бұл көрсеткіш нақты болмай отыр. Сондықтан өзге елден келген еңбек миграциясы «заңсыз жұмысшылар» болып есептеледі. Немесе оларды қазір «гастербайтер» деген терминмен атай бастады. Еңбек мигранттарының жұмыс істейтін сфералары: құрылыс, сауда, коммуналдық қызмет, қызмет көрсету сферасы, егістіктердегі маусымдық жұмыстар. Халықаралық көші-қон ұйымының 2013 жылғы санағы бойынша Қазақстанда жарты миллионнан бір миллионға дейін еңбек мигранттары жұмыс жасап жүр. 20 жыл ішінде (1991-2010) Қазақстанның ішкі миграциялық айналымы 6 млн. 84 мың адамды құрады. Ал мемлекетаралық миграция 3 млн. 391 мыңға жетті. Бұл жалпы соңғы онжылдықта миграциялық айналымға 9 млн. 475 мың адам түскенін көрсетеді. Бұл мигранттардың басым бөлігі Астана мен Алматы қалаларында шоғырланған. Астана қаласында миграция процесінің қарқынды жүруі әлеуметтік мәселелерді тудырды. Соның бірі «әлеуметтік кеңістік» проблемасы – Астана қаласының кеңістігі қай бағытта дамуы керек; шығыстық жолмен бе, әлде батыстық бағытта дамуы керек пе?

2002 жылдың басында Астананың дамуында шығыстық бағытты көруге болады – қаланың орталық бөлігі және оның перифериясы. Қаланың орталық бөлігінде мемлекеттік ғимараттар, бизнес компанияларының ғимараттары, театрлар орналасады. Сонымен қатар Есілдің сол жағалауынан «жаңа» қаланың тұрғызылып жатқанын байқауға болады. Бірақ БАҚ-тың анализі бойынша Астанаға батыстық бағыт (қаланың маңызды орталық бөлігі және қалаға кіре беріс) тиімді. Астана қаласында бұрын салынған және салынып жатқан ғимараттардан екі бағытты да байқауға болады. Мысалға, жоғарғы лауазымды мемлекеттік қызметкерлер «Самал» шағынауданында шоғырланған. Олардың басым бөлігі – Алматы қаласынан келген мигранттар. «Красная деревня» шағынауданын орта лауазымды мемлекеттік қызметкер қоныс еткен. Бұл жердегілер тек Алматыдан ғана емес, басқа да қалалардан келген мигранттар болып есептеледі. Соңғы жылдары Астанада «VIP-қалашық» пайда болды. «Қазақойл» сияқты кейбір үлкен компаниялар қаланың орталық бөлігінде

өздерінің тұрғын үйлерін салып жатыр. Кеңес заманындағыдай осылайша престиж қаланың орталық бөлігінде қалады ма, әлде қаланың кіре берісіндегі жеке үйлер басым болатын батыстық бағытта болады ма деген сұрақ әзірше жұмбақ болып қалмақ.

Қолданылған әдебиет

1. Урбанизация в Центральной Азии: вызовы, проблемы и перспективы / Меруерт Махмутова, Айтжан Ахметова, Ботагоз Ракишева, Қанат Берентаев. Аналитический доклад, 2013.
2. Забирова А.Т. Города как центры притяжения миграции в современном мире// Евразийское сообщество, 2003.
3. Трудовая миграция в Казахстане / Под Ред. О. Д. Балымбетов. Астана, 2010.
4. Социология миграции: учеб. пособие для студ. вузов / Т. Н. Юдина. -М.: Академический проект, 2006.

УДК 316.34

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Тұрлыбек Шұғыла Берікқызы

t.sh.b@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің ҚЖ-11 тобының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Ш.С.Исабаева

Заман ағымы өзгеріп, онымен қоса адамның санасы да жетіле түсіп, білім мен ғылымға деген қызығушылығы артқан сайын жеке индивидтердің, әлеуметтік таптар мен топтардың, қабаттардың арасында әлеуметтану термині бойынша айтсақ, мобильділік иерархиясы арқасында әлеуметтік теңсіздік қалыптасқан. Бұл ұғымды тура мағынасында қарастырар болсақ, ол дегеніміз белгілі бір индивидтің немесе топтың екінші бір топтан, топ өкілінен жоғары тұруы. Тарих беттерінде де, адамзаттың дамуы барысында да әлеуметтік теңсіздік көптеген жағдайларда көрініс тапқан және күні бүгінге дейін ұмытылмай, байқалып келуде. Сөзімізге дәлел ретінде құл иеленушілік дәуірінен келе жатқан бай мен кедейдің, үстем таппен бағыныңқы таптың, Шығыс халықтары арасында жиі ұшырасатын ер мен әйелдің арасындағы, сондай-ақ нәсілдік кемсітушілік пен теңсіздікті айтуға болады. Бұл даулы мәселелер бүгін ғана пайда болған жоқ. Өркениет заманы өрлеп, қоғам алға жылжыған сайын бай мен кедейдің ара-жігі алшақтап, осылайша әлеуметтік теңсіздік пайда болды. Ол жайында сөз қозғаған ғалымдар өте көп. Әлеуметтану ғылымында П.Сорокин, К.Маркс, М.Вебер сынды атақты ғалымдардың дәл осы тақырыпта сөз қозғап, еңбектер жазып, терминдер мен түсініктер енгізуі қоғам үшін аса бір үлкен жаңалық емес. Себебі, әлеуметтік теңсіздік турасында қазақтың Алаш қайраткерлері де, Ұлы ақын атамыз Абай да жазған болатын.

Мысалы, Абай жәй суретші көре алмаған «сәл» нәрселерді де көре алды. Өз заманының суретші ақыны Абай сол кездегі теңсіздік мәселесін тек қана шолып өтіп, оған қалай болса, солай қарап қоймайды. Кедейлердің ауыр халі ақынның қабырғасын қайыстырады. Ол кедейлерді өзі аяп қана қоймай, өзгелерге де оларды өзіндей аяуға талап қояды. Езілушілердің тұрмысын жеңілдетуге жол іздейді. Абай шығармашылығындағы адамгершілік негізі де осы теңсіздікті көруінде жатыр. Қазақ аулындағы теңсіздікті сипаттаған өлеңі - «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» [1].

Әлеуметтік теңсіздік тақырыбын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Өз басым оларды: 1) кедейшілік; 2) ер мен әйел теңсіздігі; 3) нәсілдік теңсіздік деп топтастырар едім.

Негізінен бұлай адамдардың, топтар мен таптардың жіктелуінің де өзіндік себебі бар.